

10. «НИТ» (Новые информационные технологии). В системе дистанционного образования используются все виды информационных технологий, но преимущественно новые информационные технологии, средствами которых являются компьютеры, компьютерные сети, мультимедиа системы и т.д.

11. «Социальность». Дистанционное образование в определенной степени снимает социальную напряженность, обеспечивая равную возможность получения образования независимо от места проживания и материальных условий.

12. «Интернациональность». Дистанционное образование обеспечивает удобную возможность экспорта и импорта образовательных услуг.

Перечисленные особенности дистанционного образования определяют преимущества перед другими формами получения образования, и одновременно предъявляет определенные специфические требования, как к преподавателю, так и к слушателю, ни в коем случае не облегчая, а подчас увеличивая трудозатраты и того и другого.

Теорию дистанционного обучения можно представить как комплекс взглядов, представлений, идей, направленных на истолкование и объяснение образовательного процесса в системе образования. Теория дистанционного обучения как форма организации обобщенного достоверного научного знания представлена как система, которая описывает, объясняет и предсказывает функционирование определенной совокупности составляющих объекта теории системы образования. Структурными элементами теории являются: предмет теории, термины и понятия, категории, методы исследования, функции, принципы и др.

Дистанционное обучение – это целенаправленный процесс, как и при других формах получения образования, протекающий в специфической дидактической системе. Если каноническая дидактическая система содержит 7 элементов, то дидактическая система дистанционного обучения, дополняющая и развивающая известную в традиционной дидактике систему, содержит 12 элементов: (1) – цель, (2) – содержание, (3) – обучающие, (4) – обучаемые, (5) – методы обучения, (6) – информационно-образовательная подсистема (средства обучения), (7) – формы обучения, (8) – материально-техническая подсистема, (9) – финансово-экономическая подсистема, (10) – нормативно-правовая подсистема, (11) – идентификационно-контрольная и (12) – маркетинговая. Определены принципы дистанционного обучения, как теоретические обобщения явлений, происходящих в системе дистанционного обучения, при сохранении преемственности канонических принципов обучения и их развитии. Предлагаемая система специфических принципов включает в себя принципы: педагогической целесообразности применения средств новых информационных технологий; открытости обучения; идентификации; интерактивности; стартового уровня; регламентности; индивидуализации.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Киричек, А. В. Развитие «неуниверситетского сектора высшего образования» в условиях профильного ВУЗа /А.В. Киричек, А.В. Морозова // Новые технологии – основа развития профессионального образовательного пространства учебно-научно-производственного комплекса: Матер. регион. науч.-практ. конф., 16 мар. 2007 г.

2. Пак Н.И., Гринберг Г.М. «Представление открытого и дистанционного обучения в контексте информационного обмена» //Информатика и образование-09.2007г.

3. Жуматаев Ж.Е., Балмаханова А.Е. Использование информационных технологий в управленческой деятельности. Труды Международной научной конференции. Выпуск 2. Караганда.2004-29 с.

4. Компьютеризация учебного процесса: Межвуз. сб. науч. тр./Под ред. проф. В.Н.Врагова; Новосибир. ун-т. Новосибирск, 1992.

#### ЫБЫРАЙДЫҢ ҚАЗАСЫ

**Серікбай ОСПАНОВ**, филология ғылымдарының кандидаты  
Қостанай мемлекеттік педогогикалық институты

Әдебиетіміздің де, мәдениетіміздің де бастауында үш алып бәйтерек тұр. Олар – Шоқан, Ыбырай, Абай. Шоқан небәрі 30 жыл, Ыбырай 48, Абай 59 жыл ғана ғұмыр кешті. Үшеуі де «Соқтықпалы соқпақсыз» заманда өсті. Үшеуінің де арман-тілегі еліне пайдалы адам болу еді. Үшеуінің де жолын бөгеп, аза бойын қаза қылып құса еткен патшалық Ресейдің отаршылдық сұрқия саясаты болды. Оны Шоқан мен Ыбырай тым кеш түсінсе, Абай ерте сезінді...

Ыбырай Ресейді Отаны санап, оған қызмет ету парызым деп білді. Ильминскийді ұстаз тұтып, оған құдайдай сенді. Ыбырайдың Ильминскиймен жолығысуы оның бақыты да соры да еді...

Болашақ ұлы ұстаз 1862 жылғы 26 ақпанда Ильминскийге: «Жанымда төрт шәкіртім бар – соларды оқытып жатырмын. Қазақтарға орыс тілін үйренуге арналған оқу құралы – олардың жетекші оқу құралы болып отыр. Сіздің мұны жазғандағы ойға алған адал мақсатыңыз орындалып жатыр. Бұл оқу құралында, әсіресе, балаларға орыс тілін бірте-бірте үйрету тәртібі өте тамаша баяндалған екен. Біздер, қазақтардың орыс тілін білуінің барлық пайдасын білетін адамдар Сізге шын көңілімізбен алғыс айтамыз», – деп адалынан ақтарыла хабарлады. Ал Ыбырайдың қолымен от көсеуді көздеген арам пиғылды Ильминский болса 1869 жылы Ағарту министріне: «...Алтынсарин... қазақтардың арасында өзі мектеп ашса, орыс альфабитін сонда қолданса, оны елінің адамдары істеп отыр дегізбей, өзі ашқан болса... оны орыс бастықтарының инициативасы деп халық ойламайтын түрде жүргізсе... ең әуелі жаңа идея Алтынсариндікі болады» [Қазан мұрағаты, ф 968, оп. 1, 1с. 16, 1-2 б.] деп жазып өзінің құйтырқы саясатын жүргізуді тоқтатпады.

Ильминскийдің мақсаты қазақ балаларына тіл үйретіп, білім беру емес, шоқындыру. Сөйтіп отаршыл Ресей империясының мүддесін жүзеге асыру. Ол мүдде – патша бодандығындағы барлық бұратана халықты бір дінге көшіру. Алайда оларды бағындыру, шоқындыру, бір дінге кіргізу аса құпия, ың-шыңсыз, зорлық-зомбылықсыз, асқан ептілікпен, айламен жүзеге асырылуы керек. «Олардың өзі дінге кіруге ризашылықтарын берген-міс» деген желеумен жүргізілуі тиіс.

Патшалық діни басқарманың жарлығында осылай көрсетілген.

1871 жылы Ильминский Ыбырайға қазақ мектептеріне орыс алфабитін енгізу жайындағы пікірін ашық жазады. Ыбырай оған жауабында «Бұл талассыз пайдалы пікір ғой» дей отырып, өз ойын сыпайы жеткізеді: – «Дегенмен, оны жүзеге асыру, меніңше үлкен қиыншылыққа кездеседі. Қазақ балалары үшін ашылған орыс мектептерінде орыс алфабитін қолдану (бұл мектептерге қазақтар баласын орыс тілін үйренсін, орысша жаза білсін деп беріп отырғандықтан) кейбіреулердің ойлағанындай, қазақ арасында әңгіме, күдік туғызады деп ойлаймын».

Ыбырай одан әрі араб әрпімен жазылған пайдалы кітаптар болса, қазақ арасына тез тарайтынын, оқушылар да көңіл қойып оқитынын, ал орыс алфабитімен шыққан кітаптарға олардың тосырқап қарайтынын, тіпті оқымай қоятынын жасырмайды. Орыс алфабитінен гөрі қазақтардың тілін бұзатын болса да, татарша жазуды қолайлырақ санайтынын, өйткені, діні бір, тілі ұқсастығын, татар медреселерінде оқитын қазақ шәкірттерінің саны азаймай отырғаны сондықтан екенін тәптіштей жеткізеді. «Жат әріппен жазылған біздің оқу құралдарымыздың күші, меніңше, өте нашар. Біз бұл арада сол құралдың өзімен, бірақ сапасы жағынан басқа, олардың ақылына ақыл қосып, оларды шындыққа, басқаша айтқанда, оқуға жетектейтін құралмен, қазақтардың өздеріне таныс, оны ешкім де жек көрме-тін құралымен іс істеуіміз керек; бұл оқуымыз да жоғарыда айтқандай сапалы болса болғаны» – деп мән жайды сабырмен түсіндіреді.

Бұл Ильминскийдің түпкі, негізгі мақсатымен мүлде қабыспайтын пікір еді. Бұратана халықтардың баласына бастауыш білім берудің өзін артық санаған ол: «...в школах грамотность, ...орфография и грамматика совершенно излишни, а для инородческих школ вредно и убийственно», – деп жазған оның Ыбырайдың мына хатын оқығанда қандай күйде болғанын көз алдыңызға елестетіп көріңізші!

Туған халқының рухани дербестігін қорғағаны үшін Ыбырай қудалауға ұшырайды. «Алтынсариннің қудаланып, мектептен шеттетіліп, жер аударуға дейін жеткені, сайлау кезінде тергеуге алынып, одан шеттелуі Ильминскийдің ықпалынсыз жүргізілді деуге болмайды. Николай Ивановичтің өзгеге дәргейі жүрмесе де Ыбырайды қудалатпайтындай құдіреті бар болатын» [Жұртбай Т. «Күйесің жүрек... сүйесің...» Алматы. Қайнар, 2009. – 226б.].

1889 жылдың 20 ақпанында Ыбырай Орынбор оқу аймағының татар, башқұрт, қазақ мектептері жөніндегі бақылаушы В.В.Катаринскийге «Сізге бір қайғылы хабар білдіруіме тура келіп отыр. Біздің «Бессонов Александр Григорьевич, сірә, есінен айрылған болар деймін. Өйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. Бақсам, ол оқушылар мектебінің 3-ші және 4-ші кластарында оқушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты» [Алтынсарин Ы. Таза бұлақ, Алматы. Жазушы, 1988. – 305 б.], – деп шошына жазды. Өйткені, Ыбырай бұл кезде де миссионерлердің мектеп ашудағы түпкі мақсатын білмеген еді.

Қазақ мектептерінде христиан дінін уағыздау 1862 жылы-ақ оқу бағдарламасына енгізілген. Онда: «Ю.Христиан діні туралы заңдар (Закон божий) бойынша оқу кестесі былай жүргізіледі: а) Екінші кластың бірінші жылы Ескі және Жаңа заңның (Ветхий и Новый завет) тарихымен қысқаша таныстырады, екінші жылда христиан дінінің шарттары (катехи-

зис) оқытылады б) үшінші кластың бірінші жылында шіркеудің мүнәжат дұғасы мен рәсімі (литургия) түсіндіріледі, екінші жылында православие дінінің басқа ағымдардан айырмашылығы мен артықшылығы туралы дәріс оқылады. Діннің көне дәстүрін ұстанғандар (старообрядчиктер) мен жікшілдерге (раскольниктерге) қарсы күрес тәсілдері баяндалады», – деп нақтылай атап көрсетілген болатын. Мұны сезбеген Ыбырай 1899 жылы 10 мамырда жазған хатында: «Енді тағы бір наразылық, яғни қазақ оқушыларының наразылығы, Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде де туып отырған көрінеді. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мүлде елемей, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс оқушыларымен бірге ғибадат еткізу деседі. Мұның бәрі де өте ұнамсыз нәрсе ғой» [Сонда. 312 б.], – деп қынжылады.

Кейін осының бәрінің түп-тұқияны қайдан шыққанын түсінген Ыбырайға қатты соққы болғаны анық. Бұл жайында филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай «Ойында жоқ олардың, шариғатқа шамасы» («Абай және шоқындыру мектептері») мақаласында «Екі Ыбырайды да өлтірген – құсалық еді. Оның ішінде екеуі де шіркеудің аярлығына шыдамады. Рухани тәуелсіздікке көңісі келмеді. Екеуі де өмірінің соңында миссионерлік аярлығы үшін тіршілігінде қатты бағалаған Ресей мәдениеті мен ғылымынан күдер ізді. Үлкен Ыбырай соңғы екі жылда мектепті тастап ел ішіне барып жатып алды. Сол үшін облыстық губернатордың тергеуінде болды. Қандай ұқсастық десеңізші. Бүкіл ғұмырлық мақсатының күл болғаны екеуінің де күре тамырын қиып кетті. Олар өздері үшін емес, елінің келешегінің кесілгеніне күйінді» [«Күйесің, жүрек... сүйесің...» Алматы. Қайнар, 2009. – 222б.] – деп жазады.

Ильминскийдің Ыбырай қолымен қазақ балаларын оқытуға кириллицаны енгізуі, орысша оқу, Бессоновтың інжілді уағыздауы жергілікті халық құлағына жетпей қалған жоқ. Ұлы ұстазды «шоқынды», «крест тақты» деп күстаналау патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын ұстанып, оны жүзеге асыруға жан сала кіріскен Ильминскийдің іс-әрекетінен туындағаны анық. Оның үстіне ағайын сөзі де ұстаз жанына қатты батқанын мына өлеңінен аңғару қиын емес:

*...Аласы ағайынның алаңдатты,  
Көре алмай көп ішінен жамандатты.  
«Шоқынды», «крест тақты», «әйкәпір» деп,  
Аузына келгенді айтып бақты...*

*Надандық қандай «қызық» қарап тұрсаң,  
Көңілі соқыр көрмейді көзге ұрсаң.  
Бабын қалай табарсың бұл қазақтың,  
Басқа тебет жаныңды құрбан қылсаң...*

*Бар айыбым баласын оқытқаным,  
Орыстың біліміне тоқытқаным.  
«Білімсіз кеңімейді керегең» деп,  
Айтқанымнан атандым «кәпір – залым»...*

Төлебай Көбекұлы Басықара датқаның асында атжарысы болғанда Ыбыраймен сөзге келісіп қалып, алып қашпа сөзге еріп бұрын да сатқын санап жүрген ол оны соққыға жығады.

Төлебайдың руы – Үмбетей. Үмбетейден – Аралбай, одан – Таңбай, Таңбайдан – Көбек. Ахмет Байтұрсыновтың жақын туысы. 1926 жылы А.Байтұрсынов жинап бастырған «23 жоқтауда» бұл оқиға былайша баяндалады:

*...Үш уездің қазағы  
Басықара датқаның  
Басын қосқан асында  
Болғандардан естимін,  
Болмасам да қасында.  
Сұқ қылыпты сонша жұрт  
Әкекем сынды асылға.  
Кыпшақтың өңкей манабы  
Кез болыпты ашуға.  
Балқожаұлы Ыбырай  
Артын жиып жөнелді,  
Басын қорғап қашуға.  
Мұны көріп әкекем  
Аманжолдап ат қойды  
Тасыған көңілін басуға.  
Қуып жетіп соңынан,*

*Ағалығын білдірген,  
Көрмегенін көргізген,  
Бозбалаға айдатып,  
Қайтарып топқа кіргізген  
Бекмұхамет болысын,  
Инспектор орысын,  
Жұмылған көзін аштырып,  
Өкшесінен бастырып,  
«Жан сауға, батыр!» дегізген...»*

(«Төлебай. Он екі жасар әйел баласының жоқтағаны. Байтұрсынов А. Ақ жол. «Жалын», 1991 – 165-166 б.б.).

Ел аузындағы әңгіме де осы жолдарды қайталайды. Бұл оқиғаны Торғай бойының әңгімеші қарттары жиі айтып отыратын. Қазір көзі тірі Орекен Алмат, Әмірхан Абдуллин, Ибрагим Ағытайұлы т.б. соның куәсі.

Тілмәр Тілеп бір өлеңінде Төлебайды:

*Талап боп бітер қайың, қарағайдан,  
Төлебай, туып едің жадағайдан.  
Шошқаның қара қасқа қабанындай,  
Шошынды көрген адам анадайдан,* – деп суреттейді.

(«Сөз тапқанға қолқа жоқ», Алматы, «Жазушы», 1988. – 369 б.). Ел ішінде Төлебай жайында аңыз көп. Алматының «Жазушы» баспасынан 1988 жылы жарық көрген «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (369-372 беттерін қараңыз) кітабында да ол жайындағы екі әңгіме енген. Әкесі елге сыйлы аса мырза болған Төлебайдың да мырзалығы жиі айтылады. «Тек қана ірілермен айқасып, теңсіздікке төзбеген, ісі де, өзі де ірі адам. Өзі де ірі демекші, салмағы 18 (он сегіз) пұт, яғни, 280 (екі жүз сексен) келіге жуықтаған... ол 52 жасында 1904 жылдары қайтыс болған. Осы ірілігінен де атыраптағы оны білетін ел «Мұның ар жағында Үмбетей жоқ» – деп мәтелдеген (Уәлі тегі Ибраһим Ағытайұлы «Бабамыз – Бекзат данышпан. «Қостанай баспа үйі» ААҚ, Қостанай, 2000, – 38 б.) тамы Наурызымның Төбеқұдық деген жерінде.

Төлебайдың ірі, сыйлы адам болғанын «Төлебайдың келінінің жоқтауындағы»

*...Алтын да қылыш, айбалта  
Асынса ерге жарасқан.  
Халық иесі хандардан  
Қаюлы сағат жол ашқан.  
Жан қуанған біз түгіл,  
Жақсылар іздеп жанасқан...  
Қатарынан құдайым  
Тұлғасын артық жаратқан  
Көрген түстей айрылдақ  
Көлеңкелі дарақтан... –*

деген жолдардан аңғарамыз. [Байтұрсынов А. Ақ жол, Алматы, 1991. – 170-171 б.б.].

Жоғарыда келтірілген оның қайтыс болған жылына қарағанда, Төлебай – Ыбыраймен замандас.

Төлебайды жоқтау (үшеу, үшеуін де) Қарпық Шолақұлы жазған. Қарпық та А.Байтұрсыновтың жақындары. «Төлебайды жоқтауды шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан Байтұрсын, онан Шолақ, онан ақын Қарпық» («Ақ жол», 173б.).

Басықара датқа-руы өтей. Ел арасында Өтей бидің (Би – есімі) Қарасы» атанған сөзге аса шешен, елге сыйлы кісі болыпты. Асы 1889 жылы Обағанда берілген.

С.Садуақасұлы 1956 жылы 26 қазанда Ташкенттегі тұңғыш жоғарғы қазақ педагогика институтының ашылу салтанатында жасаған баяндамасында Ыбырайдың бұл дүниеден өтер сәтінде өзіне бірде-бір орысты, тіпті достарын да кіргізбеуді, жаназасына 99 молда қатысуын өсиет еткенін айтып, «ұзақ жыл орыспен қоян-қолтық араласа жүріп, ең соңында миссионер атаулы қазақ халқына ешқандай жақсылық ойламайды деген қорытындыға келген болар» (Годы работы Казахского высшего педагогического института (сборник). Ташкент, 1928. с.тр 27), – деген жорамал білдіреді.

Шындығында да солай. Ыбырай Ресей империясының отаршылдық саясатын түсінген, бірақ кеш түсінген. Н.Н.Ильминскийдің құйтырқы саясаты мен астыртын әрекетін сезіп, аһ ұрған. Ресейдің Орталық Діни басқармасы қол астындағыларға «өлген қазақтарды жерлеуге поп басшылық ету керек. Қазақтар өлген адамдары туралы оларға хабарлауға міндетті, тек поп рұхсат бергеннен кейін үш күннен соң жерленуі тиіс» – деген құпия нұсқау жолдаған. Ыбырай осы нұсқауға сеніп «Надандық құрбаны» әңгімесін жазды. Алданғанын, миссионерлердің сұрқия әрекетін кейін білген оның «Жаназама 99 молда кірсін» деп өсиет етуі содан болса керек.

Ұлы ұстаздың 1884 жылы қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жолдаған хатынан оның бұл тұста «астыртын жауларының көбейгенін» сезгенімен, зұлымдық іс-әрекетті ұйымдастырушылардың кім екенін нақты білмегенін байқаймыз.

Хат иесі зұлымдыққа қарсы тұрып, суға батып бара жатқан адамдарды құтқару үшін әрекет жасаудың өзі қауіпті екенін ашына жазып: «Ертеректе мұндай жағдайда бастықтардың өзі мені қолдар деп сенген едім» деп кейінгі кезде ол ойынан да үміт үзгенін, оларға да сенбейтінін білдіреді. «Алланың жазмышы сол болса – орындала берсін, бірақ мен өзімнің негізгі пікірімнен таймаймын, күшім жеткенше қандастарыма пайдалы адам боламын деген талабымнан қайтпаймын», – деп қатерге бас тігеді.

1922 жылы 22 сәуірде жазған М.Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарин» мақаласында «17 июльде 1889 жылы 48 жасында Ыбырай жүрек ауруынан» қайтыс болғанын көрсетеді. [Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 2 – кітап, Шолпан. – Алматы. Өнер, 2010. 244 б.].

Ыбырай шәкірті Ғабдолғали Балғымбаев «Ы.Алтынсарин туралы естелігінде» 1889 жылдың жазғы шілде айында Ы.Алтынсарин неден екенін анық білмеймін: не өкпесіне суық тиіп, не бетеге дертіне ұшырап, қатты ауырып қалды» – дей келіп қасында жергілікті дәрігерлер Лапинский мен Қарабаевтың болғанын, бірақ олардың да ауруын анықтай алмағанын, кейін Тройцкі қаласынан келген белгілі дәрігер Покрывалов «қарынның іскеніне қарап, ауруын бетеге деп» тапқанын айтады [«Ыбырай Алтынсарин тағылымы». Ал. «Жазушы», 1991. 378 б.].

Өкпесіне суық тиген адамның ауруын тәжірибелі дәрігерлердің анықтай алмауы да, Покрываловтың қарынның іскеніне қарап ауруын бетеге деуі де сенімсіздеу.

Ильминский Ыбырайдың қайтыс болғаны жайында жазылған қазанамасында оны өкпе ауруынан опат болды десе, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, кезінде аудан басшыларының бірі болған Әуезхан Жүсіпов ақсақал Ыбырайдың жүрек, бауыр ауруынан қайтыс болғанын айтады («Аманат», 1991. 9 сәуір. 4 б.).

Ыбырайдың дүниеден ертерек өтуіне себеп – аурудың меңдеуі, денеге тиген таяқ. Ең бастысы жан жарасы – қайғы, қасірет, құсалық. Ұлы ұстаздың соңғы сәттерінде қасында болып, емдеген дәрігерлердің оның ауруын көрсетіп, дәл айта алмауының сыры да осында жатқан сияқты.

## **Ы. АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ**

**Өтешева Н.Қ.**

*М.Қозыбаев атындағы №23 орта мектебі*

Асқаралы талант иесі Ы. Алтынсарин есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп өз халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады.

Тәжірибе – барлық ғылымның бастамасы деп, Қазақстан педагогикасы – мектептеріміздің даму тәжірибесіне негізделіп қалыптасқан ғылым. Сондықтан Қазақстан Республикасы болашақта өсіп-өркендеп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарынан орын алуы бүгінгі жастардың жоғары дәрежелі білімді, мәдениетті маман болып шығатындай тәрбиелеуге тікелей байланысты. Демек, кез келген оқу орындарына қойылатын негізгі талап – жан-жақты білімді, кәсіби мамандығын жете игерген, қабілетті іскер маман дайындау. Болашақ маман дайындау тәжірибесінен Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарастарының оқу-тәрбие ісінде жүзеге асып келгеніне және асырыла беретініне көзіміз жетеді.

М. Әуезов «ірі ағартушы, озық саналы әлеумет қайраткері, өнерлі ақын» деп, бағалаған Ы. Алтынсариннің педагогикалық және шығармашылық қызметінің кез-келген саласымен өзектесіп жататын ағартушылық ой-пікірлері Қазақстанда білім беру саласының іс-тәжірибесінде көрініс беріп келеді. Ы. Алтынсариннің: «Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» деген өсиетін елімізде ұстаздар жүзеге асырып отыр.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ даласында білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан алғашқы мамандардың бірі. 19-шы ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іс жүзінде ұйымдастыруға белсене араласты.

Ұлы ағартушы 1886 жылы «Қазақтың болыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде Торғай облысындағы мектептердің жағдайын сараптай отырып: «...отырықшы халықтармен сыбайлас болып отырған қазақ халқының арасында өзінің көрші тілін білуге, олардың жазуын үйренуге ұмтылушылық күшейіп келеді, өйткені, біріншіден, олардың қа-